

2020

ОҚЫТУШЫ ӘРІПТЕСТЕРІНІҢ КӨЗІМЕН



«ОҚЫТУШЫ ӘРІПТЕСТЕРІНІҢ КӨЗІМЕН - 2020» САУАЛНАМАСЫНЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2020 жылы 12.03-19.04 аралығында «Univer» жүйесінде «Оқытушы әріптестерінің көзімен» сауалнамасы өтті

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушыларының қоғамдық пікіріне мониторинг 8 жыл бойы жүргізіледі, бұл көрсеткіштердің динамикасын тұтастай да, негізгі құрылымдық бөлімшелер бөлінісінде де бақылауға мүмкіндік береді.

2016 жылдан бастап сауалнама жүргізу үшін оқу-әдістемелік және әлеуметтік-тәрбие жұмысын сапалы орындауды, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметке қатысуды және т.б. қоса алғанда, профессор-оқытушылар құрамы жұмысының базалық көрсеткіштерін талдау ғана емес, сонымен қатар университет қызметкерлерінің жалпы құзыреттілігін, олардың мотивация деңгейін, кафедралардың инновациялық әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді.

«Оқытушы әріптестерінің көзімен» сауалнамасы

Блок 1
1. Орындалатын жұмыстың сапасы (дәлдігі, уақытылығы, сауаттылығы, өзіне жүктелген кез келген жұмысты толық көлемде орындайды)
2. Қойылған міндеттерді іске асыруға ықпал ететін кәсіби құзыреттерге ие
3. Кафедраның, факультеттің және университеттің білім беру және ғылыми-зерттеу қызметіне, қоғамдық өміріне белсенді және мүдделі қатысуын көрсетеді.
Блок 2
4. Әріптестерімен және студенттермен іскерлік қарым-қатынаста болады, дипломатиялықпен қатар сыйластық танытады
5. Өзіне деген адалдығы, жоғары эрудициясы және мінез-құлқы бар
6. Өзіне сенімділік пен бастамашылдық танытады (мәселелерді шешудің жаңа жолын табады, жаңа идеялар ұсынады және т. б.)
Блок 3
7. Мансаптық, жеке және кәсіби өсуге бағытталған
8. Университетте жүргізіліп жатқан өзгерістерге жеке қызығушылық танытады, осы өзгерістердің мазмұны мен қажеттілігі туралы түсінікке ие
9. Университеттің корпоративтік мәдениет қағидалары мен этикалық нормаларын сақтайды
10. Топпен жұмыс істей алады

Зерттеудің нәтижесі төрт деңгейге бөлінеді:

1. Күтілгеннен жоғары нәтиже (4,6-5,0 балл);
2. Күтілетін нәтиже (4,0-4,5 балл);
3. Күтілгеннен төмен нәтиже (3,4-3,9 балл)
4. Өте төмен нәтиже (3,4 балдан төмен).


2020 жылғы сауалнаманың негізгі нәтижелері

Жалпы, 2020 жылдың қорытындысы бойынша сауалнамаға 864 оқытушы қатысып, 2621 әріптестерінің жұмысына баға берді (ішкі қоса атқаруды есептемегенде).

Ең жоғары баға – «5» 721 оқытушыда (27,52%), оның ішінде 203 оқытушыда (10 балл = меңгерушінің бағасы+ әріптестердің бағасы) тіркелді.

1465 оқытушының жұмысы өте жоғары бағаланды (55,92%) - 4.9-дан 4.6 балға дейінгі аралық.

«Оқытушы әріптестерінің көзімен-2020» корпоративтік жобасының қорытындысы бойынша оқытушылардың орташа балдарын саралау



4.5-тен 4.0-ге дейінгі орташа балды 360 оқытушы жинады-13,74%.